

Төлеби ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 маусымдағы № 387 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 448 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағы 10) тармақшасына сәйкес, Төлеби ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Төлеби ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 маусымдағы № 387 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5085 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

2 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л.Серікбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Телгараев